

Каратаева Татьяна Олеговна – PhD докторы, қауымдастырылған профессор м.а., Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, Қазақстан Республикасы, 110300 Арқалық қ., Әуелбеков көш., 17, тел.: +7-701-611-45-82, e-mail: b_tatuana@mail.ru.

Шалгимбекова Кенжегүл Сапышқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы, 111100, Қостанай облысы, Тобыл қ., Дорожный көш., 57, тел.: +7-707-663-58-01, e-mail: salykovaks@mail.ru.

Аяпбергенова Гульсум Сағындыковна – PhD докторы, педагогика жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры, Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық институты, Қазақстан Республикасы, 140002, Павлодар қ., Олжабай батыр көш., 60, тел.: +7-777-435-08-02, e-mail: gulsumas@mail.ru.

Aspanova Gulmira Ramazanovna* – PhD, Associate Professor of Higher School of Pedagogy, A.Margulan Pavlodar Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 140002 Pavlodar, 608 Olzhabai batyr Str., tel.: 87073868770, e-mail: gulmiraramazanovna@bk.ru.

Karatayeva Tatyana Olegovna – PhD, acting Associate Professor, I.Altynsarin Arkalyk Pedagogical Institute, Republic of Kazakhstan, 110300 Arkalyk, 17 Auelbekov Str., tel.: +7-701-611-45-82, e-mail: b_tatuana@mail.ru.

Shalgimbekova Kenzhegul Sapyshevna – Candidate of Pedagogical Sciences, Associated Professor of the Department of pedagogy, psychology and special education, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan, Kostanay region, 111100 Tobyl, 57 Dorozhnaya Str., tel.: +7-705-193-95-21, e-mail: salykovaks@mail.ru.

Ayapbergenova Gulsum Sagyndykovna – PhD, Associate Professor of the Higher School of Pedagogy, A.Margulan Pavlodar Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 140002 Pavlodar, 608 Olzhabai batyr Str., tel.: +7-777-435-08-02, e-mail: gulsumas@mail.ru.

XFTAP 14.25.19

ӨОЖ 373.1

https://doi.org/10.52269/22266070_2025_1_272

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНДАҒЫ ПСИХОСОМАТИКАЛЫҚ БҰЗЫЛЫСТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ МЕН ТҮЗЕТУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТЫ РЕТІНДЕ АТА-АНАЛАМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ОРНАТУ

Аутаева І.* – педагогика ғылымдарының магистрі, PhD докторант, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы.

Карманова Ж.А. – педагогика ғылымдарының докторы, мектепке дейінгі және психологиялық-педагогикалық даярлық кафедрасының профессоры, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы.

Мукушева С.Б. – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор ассистенті, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы.

Алшынбаева Ж.Е. – PhD докторы, мектепке дейінгі және психологиялық-педагогикалық даярлық кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы.

Мақала қазіргі таңдағы VUCA әлемі жағдайында ерекше өзекті болып табылатын мектеп оқушыларында артып келе жатқан психосоматикалық бұзылыстар мәселесіне арналған. Заманауи әлем концепциясындағы тұрақсыздық, белгісіздік, болжау мүмкіндігінің жоқтығы адамдардың психосоматикалық денсаулығына теріс әсер етері сөзсіз. Әсіресе, авторлардың пікірінше, мектеп жасындағы балалар бұл мәселеге ерекше осал болып келеді. Психосоматикалық бұзылыстардың алдын алу мен түзетудің психологиялық-педагогикалық шарттарының бірі ретінде білім алушылардың ата-аналарымен жұмыс жүргізу таңдалады. Мақалада анықтаушы, қалыптастырушы және бақылау кезеңдерінен тұратын педагогикалық эксперименттің нәтижелері келтірілген. Зерттеудің мақсаты-оқушылардағы психосоматикалық бұзылыстар мәселесіне қатысты ата-аналардың хабардарлық деңгейлерін анықтау және олардың алдын-алу мен түзетуге бағытталған психологиялық-педагогикалық шарттардың тиімділігін эксперименталды түрде тексеру. Зерттеу нәтижелері ата-аналардың балаларда стрессті жеңу стратегиялары мен эмоционалды реттеу әдістерін қалыптастыруларына байланысты бұл мәселені шешуде маңызды рөл атқаратынын растайды. Авторлар отбасы мен мектептің ынтымақтасқан өзара әрекеттесуі ерекше әлеуетке ие, ал ата-аналармен ұйымдастырылған жүйелі жұмыс балалардағы психосоматикалық бұзылыстардың пайда болу қаупін азайтуға ықпал етеді деген қорытындыға келеді. Мақала материалдары мұғалімдерге, психологтарға, педагогикалық мамандықтардың студенттеріне пайдалы болуымен қатар, білім беру мекемелерінде балалардағы психосоматикалық бұзылыстардың алдын алуға бағытталған тиімді психологиялық-педагогикалық шарттарды өзірлеу және енгізу барысында практикалық маңызға ие.

Түйінді сөздер: VUCA әлемі, психосоматикалық бұзылыс, психологиялық-педагогикалық шарт, ата-аналармен жұмыс, бала мен ата-ана қарым-қатынасы.

СОТРУДНИЧЕСТВО С РОДИТЕЛЯМИ КАК ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ УСЛОВИЕ ПРОФИЛАКТИКИ И КОРРЕКЦИИ ПСИХОСОМАТИЧЕСКИХ НАРУШЕНИЙ ОБУЧАЮЩИХСЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЫ

Аутаева І.* – магистр педагогических наук, PhD докторант, Карагандинский университет им. академика Е.А. Букетова, г. Караганда, Республика Казахстан.

Карманова Ж.А. – доктор педагогических наук, профессор кафедры дошкольной и психолого-педагогической подготовки, Карагандинский университет им. академика Е.А. Букетова, г. Караганда, Республика Казахстан.

Мукушева С.Б. – кандидат педагогических наук, ассистент профессора кафедры дошкольной и психолого-педагогической подготовки, Карагандинский университет им. академика Е.А. Букетова, г. Караганда, Республика Казахстан.

Алшынбаева Ж.Е. – доктор PhD, ассоциированный профессор кафедры дошкольной и психолого-педагогической подготовки, Карагандинский университет им. академика Е.А. Букетова, г. Караганда, Республика Казахстан.

Статья посвящена проблеме психосоматических нарушений у школьников, что является особенно актуальным в условиях нынешнего VUCA мира. Концепция нестабильности, непредсказуемости и неопределенности в современных реалиях оказывает негативное влияние на психосоматическое здоровье людей, особенно детей школьного возраста, которые являются наиболее уязвимыми к этим факторам. Одним из ключевых условий профилактики и коррекции психосоматических нарушений является работа с родителями обучающихся. В статье представлены результаты педагогического эксперимента, состоящего из констатирующего, формирующего и контрольного этапов. Целью исследования является определение уровня информированности родителей относительно проблемы психосоматических нарушений у школьников и экспериментальная проверка эффективности психолого-педагогических условий, направленных на их профилактику и коррекцию. Исследование подтверждает, что родители играют значимую роль в решении данной проблемы, поскольку именно они формируют у детей стратегии преодоления стресса и способы эмоциональной регуляции. Авторы приходят к выводу, что взаимодействие семьи и школы является необходимым условием решения излагаемой проблемы, а системная работа с родителями способствует снижению рисков возникновения психосоматических нарушений у детей. Материалы статьи могут быть полезны педагогам, психологам, студентам педагогических специальностей и использованы в образовательных учреждениях для внедрения эффективных психолого-педагогических условий профилактики психосоматических нарушений у детей.

***Ключевые слова:** VUCA мир, психосоматическое нарушение, психолого-педагогическое условие, работа с родителями, детско-родительские отношения.*

COOPERATION WITH PARENTS AS A PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL CONDITION FOR THE PREVENTION AND CORRECTION OF PSYCHOSOMATIC DISORDERS OF SCHOOL STUDENTS

Autayeva I. – Master of Pedagogical Sciences, PhD student, Karaganda Buketov University, Karaganda, Republic of Kazakhstan.*

Karmanova Zh.A. – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor of the Department of preschool and psychological-pedagogical training, Karaganda Buketov University, Karaganda, Republic of Kazakhstan.

Mukusheva S.B. – Candidate of Pedagogical Sciences, Assistant to the Professor, Department of preschool and psychological-pedagogical training, Karaganda Buketov University, Karaganda, Republic of Kazakhstan.

Alshynbayeva Zh.Y. – PhD, Associate Professor of the Department of Preschool and psychological-pedagogical training, Karaganda Buketov University, Karaganda, Republic of Kazakhstan.

The article is dedicated to the problem of psychosomatic disorders among schoolchildren, which is particularly relevant in the current VUCA world. The concept of instability, unpredictability, and uncertainty in modern realities has a negative impact on psychosomatic health, especially among school-age children, who are the most vulnerable to these factors. One of the key factors for the prevention and correction of psychosomatic disorders is cooperation with parents. The article presents the results of a pedagogical experiment consisting of three stages: diagnostic, formative, and control. The study aims to assess parents' awareness of psychosomatic disorders in schoolchildren and to experimentally evaluate the effectiveness of psychological and pedagogical conditions for their prevention and correction. The research confirms that parents play a crucial role in addressing this issue, as they shape their children's stress-coping strategies and emotional regulation skills. The authors conclude that collaboration between families and schools is essential for effectively tackling this problem and that systematic work with parents helps reduce the risk of psychosomatic disorders in children. The findings of the article may be useful for educators, psychologists, and students of pedagogical specialties and can be applied in educational institutions to implement effective psychological and pedagogical measures for preventing psychosomatic disorders in children.

***Keywords:** VUCA world, psychosomatic disorder, psychological and pedagogical condition, work with parents, child-parent relations.*

Кіріспе. Ғасырлар бойы қалыптасқан SPOD өлемінің өмір салты мен ұстанымдары жойылып, орынына әрдайым өзгеріс пен тұрақсыздықта болатын күрделі VUCA өлемі келді. Американдық ғалымдардан бастау алатын VUCA ұғымы ағылшынның «volatility» – өзгермелі, ауыспалы, «uncertainty» – белгісіз, «complexity» – күрделі және «ambiguity» екі ұшты, беймәлім деген сөздерінің акронимі бола тұра, бүгінгі таңда орын алып жатқан жағдайды дәл сипаттайды.

VUCA аббревиатурасы алғаш рет 1987 жылы әскери колледж кітапханасында қолданыста болғанымен, 90-шы жылдардың басынан бастап әскери колледж студенттерінің зерттеу жұмыстарында кеңінен қолданылды. 1992 жылы жарияланған терминнің шығу тегі туралы бір зерттеу генерал Максвелл Турманға қатысты болды. Жалпы, VUCA Уоррен Беннис пен Берт Нанустың классикалық көшбасшылық теорияларынан алынған және Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін қалыптасқан жағдайды білдіреді деп саналады. Содан бері бұл терминнің қолданыс аясы әскери саладан тыс кеңейіп, пандемия жағдайында кездесетін және төртінші өнеркәсіптік революция факторларымен одан әрі шиеленісетін қазіргі және болашақ турбулентті жағдайды сипаттайтын ұғым ретінде қолданысқа енді [1].

Айтылғанның барлығын ескере отыра білім берудің алдында тұрақсыз, өзгермелі әлемде өмір сүре алатын, ерекше бейімделгіш, төзімді ұрпақ тәрбиелеу мақсаты қойылады. Жалпыұлттық басымдықтардың бірі ретінде сапалы білім беру болып айқындалған Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарында білім беру саласындағы саясатты іске асырудың күтілетін нәтижелерінің ішінде-дәстүрлі оқыту бағдарламаларынан білім алушыларды болашаққа даярлауға көшу, өмір бойы дағдылар мен құзыреттерді ұдайы жетілдіруге ынталандыру қажеттілігі жөнінде айтылады [2]. Экономикалық, саяси тұрақсыздық, орын алатын сансыз өзгерістер мен реформалар барлық адамдарға әсерін берері анық. Техникалық эволюциямен бірге кез келген ақпараттың қолжетімділігі артты, онымен қоса стресс факторлары да көбейді. Сәйкесінше осы стресстің әсерінен пайда болатын психосоматикалық аурулар мен бұзылыстардың да саны ілгеріледі. Әсіресе, психосоматикалық бұзылыстардың әсеріне ерекше осал болып саналатын мектеп жасындағы жасөспірімдерді айтып өтуге болады. Сондықтан, мектептің білім беру процесінде білім алушылардағы психосоматикалық бұзылыстардың алдын алу және түзетудің психологиялық-педагогикалық шарттарының тиімді ұйымдастыру заманауи педагогиканың ең өзекті мәселелерінің бірі деуге болады.

Қазіргі уақытта әртүрлі стресс факторларының әсер ету проблемасы мектеп оқушыларының психологиялық денсаулығына қауіп төндіретіндігіне байланысты шиеленісті сипатқа ие. Психологиялық денсаулық дегеніміз-өзін-өзі дамытуды, жетілдіруді, реттеуді, яғни өзін-өзі бағалаудың жеткіліктілігін қамтамасыз ететін және балалардың ересектермен және басқа балалармен қарым-қатынасын реттейтін денсаулықтың психикалық, эмоционалдық, әлеуметтік және рухани аспектілерінің күрделі өзара әрекеттесуі [3, 56 б.].

Сонымен, психологиялық сөздікке жүгінер болсақ, психосоматика дегеніміз (грек тілінен. psuche-жан + soma-дене) – адам ағзасының функционалдық және органикалық бұзылыстарының этиологиясы мен патогенезіндегі психикалық факторлардың рөлін зерттейтін медицинадағы бағыт [4, 402б.]. Алайда, біздің ойымызша, бұл терминнің медицинадан бөлек, психология мен педагогика ғылымдарында да алатын орыны ерекше. Білім беру процесі барысында алдында отырған оқушысында психосоматикалық бұзылыс көріністері байқалған жағдайда, оны уақытылы анықтап, сәйкесінше алдын алу және түзету шараларын іске асыру біздің, педагог ретіндегі, маңызды міндетіміз.

Психосоматикалық бұзылыстардың себебі бола алатын көптеген факторлар бар. Олардың кейбіреулері белгілі болғанымен, басқаларының табиғаты туралы тек жанама белгілер бойынша айтуға болады. Аудиовизуалды ақпараттың үлкен ағыны, мектептегі шамадан тыс жүктеме, әртүрлі пәндер бойынша қосымша сабақтар, көптеген емтихандар. Сондай-ақ, тамақтану сапасының өзгеруі және алкогольизмнің, темекі шегудің, таксикоманияның, әсіресе жасөспірімдер арасында нашарлықтың таралуы ерекше проблема болып табылады. Осы факторлардың кешені психологиялық және физикалық деңгейде жағымсыз салдар қалдыратынын атап өткен жөн. Созылмалы соматикалық бұзылыстардың психикалық аспектілері құбылысының өзектілігі соңғы жылдары балалар мен жасөспірімдер арасында пайда болу жиілігіне және аурушандық көрсеткіштерінің жыл сайынғы есуіне байланысты [5].

Мектеп оқушыларындағы психосоматикалық бұзылыстардың алдын алу және түзету шараларын жүзеге асыруда ата-аналармен ынтымақтастық орнату үлкен әлеуетке ие. Ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынас ұзақ уақыт бойы балалардың эмоционалды және әлеуметтік әл-ауқатының маңызды көрсеткіші ретінде қалыптасқан [6], [7]. Жасөспірім балалар үшін отбасындағы ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас олардың танымдық, эмоционалды, әлеуметтік және мінез-құлық, өзін-өзі бағалау және басқа қабілеттеріне маңызды әсер етеді [8]. Педагогтың тәрбие жұмысының тиімділігі көбінесе оның бала ата-анасымен жұмыс істеу, олармен ортақ тіл табу, олардың көмегі мен қолдауына сүйену қабілетіне байланысты.

Білім беру барысындағы ата-аналармен жұмыс және мектептің отбасымен қарым-қатынасы ата-ананың беделін құрметтеу, отбасын рухани байытуға ықпал ету және отбасының балаларға жағымды әсерін арттыру негізінде құрылуы керек [9].

Жоғарыда сөз етілгендердің барлығы аталмыш зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттерін айқындады.

Зерттеу мақсаты: мектеп оқушыларындағы психосоматикалық бұзылыстар мәселесіне қатысты ата-аналардың хабардарлық деңгейін анықтай отырып, осы мәселенің алдын алу және түзетуге бағытталған психологиялық-педагогикалық шарттардың тиімділігін эксперименталды түрде тексеру.

Мәселені шешу және мақсатқа жету үшін келесі **зерттеу міндеттері** қойылды:

1. Аналитикалық – мектеп оқушыларындағы психосоматикалық бұзылыстардың алдын алу және түзетуде ата-аналармен жұмыс жүргізудің әлеуетін теориялық тұрғыдан негіздеу.
2. Диагностикалық – арнайы зерттеу әдістерін қолдана отырып ата-аналардың оқушылардағы психосоматикалық бұзылыстар мәселесіне қатысты хабардарлық деңгейлерін анықтау.
3. Эксперименттік – ата-аналардың осы мәселе бойынша құзыреттілігін арттыруға бағытталған психологиялық-педагогикалық іс-шаралар кешенін өзірлеу және сынақтан өткізу.
4. Бағалау – ұйымдастырылған педагогикалық эксперименттің анықтаушы және бақылау кезеңдеріндегі нәтижелерді салыстыра отырып талдау арқылы ұсынылған шаралардың тиімділігін анықтау.

Зерттеу әдістері. Мақалада сөз етілген мәселеге байланысты білім алушылардағы психосоматикалық бұзылыстардың алдын алу және түзетудің психологиялық-педагогикалық шарттарын жүзеге асырудың бір тәсілі ретінде – мектеп оқушыларының ата-аналармен жұмыс жүргізуді жөн көрдік. Зерттеу жұмысында біз жүйелік, тұлғалық-бағдарлы және іс-әрекеттік тәсілдердің қағидаттарына сүйендік. Бұл таңдауымызды келесідей негіздеуге болады:

- *Жүйелілік тәсіл* психосоматикалық бұзылыстарды әртүрлі факторлардың (психологиялық, әлеуметтік, педагогикалық, отбасылық) өзара әрекеттесуінің нәтижесі ретінде қарастырады, сондай-ақ қоршаған ортаның (мектеп, отбасы, қоғам) баланың психосоматикалық денсаулығына әсерін талдауға мүмкіндік береді.

- *Тұлғалық-бағдарлы* тәсіл алдын алу және түзету жұмыстарында балалар мен олардың отбасыларының жеке ерекшеліктерін ескеруді көздейді және баланың әртүрлі стресс факторларына төзімділігін арттыруға қолайлы психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасауға бағытталған.

- *Ис-әрекеттік* тәсіл ата-аналар мен педагогтардың психосоматикалық бұзылыстардың алдын алуға белсенді рөлін ерекше атап көрсетеді, сонымен қатар ата-аналарды оқу бағдарламаларына, тренингтер мен ағартушылық қызметке тартуды қамтиды.

Бұл әдістемелік тәсілдерді кешенді пайдалану мәселені жан-жақты талдауға мүмкіндік береді және мектеп оқушыларындағы психосоматикалық бұзылыстардың алдын алу мен түзетудің тиімді стратегияларын әзірлеуге ықпал етеді.

Зерттеу педагогикалық эксперимент түрінде ұйымдастырылып, анықтаушы, қалыптастырушы және бақылау кезеңдерінен құралды. Эксперимент барысында сауалнама, бақылау, әңгімелесу және т.б. зерттеу әдістері қолданылды. Алғашқы анықтаушы кезеңде ерікті түрде экспериментке қатысам деуші ата-аналарды анықтап алдық. Экспериментке Қарағанды қаласының жалпы білім беретін мектеп оқушыларының ата-аналары қатысты. Білім алушылардағы психосоматикалық бұзылыстарының алдын алу және түзету жолдары жайындағы ата-аналардың ақпараттандырылу деңгейін білу мақсатында эксперименттің алғашқы кезеңінде сауалнама жүргізілді. Ата-аналарға ыңғайлы болсын деп, кез келген уақытта және өздеріне қолайлы жерде толықтырулары үшін сауалнама онлайн Google формасы түрінде қазақ және орыс тілдерінде жасалды. Шыншыл жауаптар алу мақсатында толықтай анонимді түрде өтті. Жауаптар көбіне «иә», «жоқ» және «толық емес/жауап беру қиындық тудырады» деген нұсқалардан тұрды. Кейбір сұрақтарда ата-аналардың пікірлерімен жете танысу үшін өз бетінше жауап еңгізу мүмкіндігі берілген болатын. Сауалнамадағы сұрақтар мазмұны төмендегідей болды: (кесте 1)

1 кесте – Ата-аналарға арналған сауалнама сұрақтары мен жауаптарының мазмұны

№	Сұрақтар	Жауаптар нұсқалары
1	«Психосоматика» немесе «психосоматикалық бұзылыс» түсініктері жайлы білесіз бе?	- Иә; - Жоқ; - Толық емес/жауап беру қиындық тудырады.
2	Сіздің ойыңызша мектеп оқушысында психосоматикалық бұзылыстардың пайда болуының ең жиі кездесетін себептері қандай деп ойлайсыз?	- Құрдастарымен проблемалық қарым-қатынас; - Отбасындағы шиеленісті жағдай; - Оқуға байланысты стресс; - Ата-аналардың жеткілікті көңіл бөлмеуі; - Жасөспірімнің өзін құрдастарынан өзгеше деп қабылдауы; - Өмірде кездескен қиындықтарды жеңе алмау; - Эмоционалды тұрақсыздық; - Мектептегі жанжалды жағдайлар; - Сіздің нұсқаңыз.
3	Балалардағы психосоматикалық бұзылыстардың көрінісі ретінде қандай белгілерді айтар едіңіз?	- Іштің себепсіз ауыруы мен ыңғайсыздығы; - Жиі бас ауруы; - Жүйке тиктері; - Кеудедегі, арқадағы, аяқ-қолдардағы ауырсыну сезімі; - Жағымсыз әдеттер, мысалы, бала тырнақтарын тістеп, шаштарын жұлады; - Тері проблемалары: экзема, бөртпе, қышу; - Гиперактивтілік; - Ұйқы проблемалары; - Тәбеттің бұзылуы; - Тыныс алудың қиындау сезімі; - Сіздің нұсқаңыз.
4	Өз балаңызда психосоматикалық бұзылыстардың көрініс беру белгілерін байқаған кездеріңіз болды ма?	- Иә; - Жоқ; - Толық емес/жауап беру қиындық тудырады.
5	Сіздің ойыңызша, мектептің білім беру процесінде білім алушылардағы психосоматикалық бұзылыстарының алдын алуға немесе оларды түзетуге болады ма?	- Иә; - Жоқ; - Толық емес/жауап беру қиындық тудырады.
6	Қалай ойлайсыз, мектептің білім беру процесінде білім алушылардағы психосоматикалық бұзылыстарының алдын алу немесе оларды түзету шаралары кім арқылы жүзеге асырылуы тиіс?	- Сынып жетекші; - Мектеп әкімшілігі; - Мектеп психологы; - Пән мұғалімдері; - Баланың ата-анасы; - Медбикелер; - Баланың өзі жүзеге асыруға тиіс.

7	Сіздің ойыңызша, оқушылардағы психосоматикалық бұзылыстардың алдын алу және түзету жұмыстарына мектептің білім беру процесінде арнайы уақыт бөлінуі қаншалықты маңызды?	- Маңызды, сондықтан осы бағыттағы жұмыстар үшін уақыт арнайы бөлінуі тиіс; - Онша маңызды емес, білім алудың тікелей процесінен бөлек уақытта ғана, уақыт болған жағдайда ғана бөлінуі тиіс; - Маңызы емес, бұған уақыт бөлудің қажеті жоқ деп ойлаймын.
8	Қалай ойлайсыз, мектептің білім беру процесінде білім алушылардағы психосоматикалық бұзылыстарының алдын алу немесе оларды түзету шарттарын жүзеге асыру жұмыстары балаңыздың физиологиялық, психикалық денсаулығына оңтайлы әсерін берер ма еді?	- Иә; - Жоқ; - Толық емес/жауап беру қиындық тудырады.
9	Егер сізде балалардың психосоматикалық бұзылыстарының алдын алу немесе оларды түзету шарттары жайлы толығырақ ақпарат алу мүмкіндігі болса, оны қолданар ма едіңіз?	- Иә; - Жоқ; - Толық емес/жауап беру қиындық тудырады.
10	Мектептің білім беру процесінде білім алушылардағы психосоматикалық бұзылыстардың алдын алу және түзетудің амалы ретінде қандай ұсыныс жасар едіңіз?	- Сіздің нұсқаңыз.

Талдау мен нәтижелер. Сауалнаманы 8-10 сынып оқушыларының 28 ата-анасы толтырды. Берілген жауаптарды өңдей келе, жалпы «психосоматика» және «психосоматикалық бұзылыс» түсініктері бүгінгі таңда көпшілікке мәлім деген қорытындыға келдік. Төмендегі сызбадан байқағанымыздай 28 сауалнамаланушылардың арасынан тек 1 адам ғана (3,6%) аталмыш түсініктер жайлы мүлде білмеймін деп жауап берген. 6 ата-ана (21,4%) толық емес деп жауап бергенімен, психосоматика жайлы қарапайым түсініктерінің бар екенін көрсетті. Қалған 21 адам (75%) бұл терминдермен таныс екендіктерін білдірді. Бұл сұрақ бойынша берілген жауап нәтижелерін 1-суреттен көруге болады.

«Психосоматика» немесе «психосоматикалық бұзылыс» түсініктері жайлы білесіз бе? /
 Знаете ли вы о таких понятиях как "психосоматика" или "психосоматическое нарушение"?
 28 ответов




1-сурет – «Психосоматика» немесе «психосоматикалық бұзылыс» түсініктеріне қатысты сауал жауаптары

Психосоматикалық бұзылыстардың пайда болу себептеріне келер болсақ сауалнамаланушылардың көпшілігі, 18 адам (60,4%), алғашқы фактор ретінде ата-аналар тарапынан баласына жеткіліксіз көңіл бөлуін көрсеткен болатын. Осындай мәселеде өз ролі мен ықпал ету әсерін ата-аналардың саналы түрде түсінуі қуантарлық жайт болды. Алайда, «мектептің білім беру процесінде білім алушылардағы психосоматикалық бұзылыстарының алдын алу немесе оларды түзету шараларын кім арқылы жүзеге асырылуы тиіс?» -деген сұрақта 28 ата-ананың ішінен тек 12-сі ғана (42,9%) ата-ана арқылы деп есептейді екен. Бұл сұраққа алынған жауаптар, осы ретте басты жауапкершілікті мектеп психологына артатындығын көрсетті. Яғни 28 ата-ананың 22-сі аталмыш категорияны жауап ретінде таңдаған болатын. Білім алушылардағы психосоматикалық бұзылыстарының алдын алу немесе оларды түзету шараларын жүзеге асырушы ретінде сынып жетекшісін белгілеген респондент саны 14, яғни барлық қатысушылардың 50%-ы болған. Бұл мақсатта мектеп медбикесінің ролін маңызды деп санаған адам саны 5 (17,9%), екеуі (7,1%) мектеп әкімшілігін таңдаса, тек 1 адам (3,6%) баланың өзі жүзеге асыруы тиіс деген ойда.

Ата-аналардың пікірінше, психосоматикалық бұзылыстардың балаларда көрініс беруінің ең көп таралған белгілеріне бас аурулары, тырнақтарын тістеу сияқты жағымсыз әдеттерін және ұйқысындағы мәселелер деп белгілеген. Бұл сұрақ бойынша ата-аналардың жауаптары төмендегі 2-суретте көрсетілген.

Балалардағы психосоматикалық бұзылыстардың көрінісі ретінде қандай белгілерді айтар едіңіз? /Какие симптомы вы бы назвали проявлением психосоматических нарушений у детей?

28 ответов



2-сурет – Психосоматикалық бұзылыстардың көрініс беру белгілеріне қатысты сауал жауаптары

Сауалнамаланушылардың 13-і (46,4%) өз баласынан психосоматикалық бұзылыстардың көрініс беруін байқаған болса, 6 ата-ана (21,4%) сенімді түрде «жоқ» деп жауап берген, қалған 9 респондентте (32,1%) бұл сұраққа жауап беру қиындық тударған.

«Мектептің білім беру процесінде білім алушылардағы психосоматикалық бұзылыстарының алдын алуға немесе оларды түзетуге болады ма?» деген сұраққа 24 адам (85,7%) «иә» деген жауапты таңдаған болса, қалған төртеуінде (14,3%) бұл сауалнамаға жауап беру қиындық тудырды.

25 сауалнамаланушы мектептің білім беру процесінде оқушылардағы психосоматикалық бұзылыстардың алдын алу және түзету жұмыстарына арнайы уақыт бөлінген дұрыс деген пікірді ұстанады. Ата-аналардың 75%-ы, яғни 21 адам, мектептің білім беру процесінде білім алушылардағы психосоматикалық бұзылыстарының алдын алу немесе оларды түзету шарттарын жүзеге асыру жұмыстары балаңыздың физиологиялық, психикалық денсаулығына оңтайлы әсерін береді деген сенімде болса, 3 ата-ана (10,7%) бұл жұмыстардың нәтиже беретініне мүлде сенімді емес, ал қалған 4 респондент «жауап беруге қиналамын» деген нұсқаны таңдаған.

Ата-аналардың арасындағы 26 адам (92,9%) балалардың психосоматикалық бұзылыстарының алдын алу немесе оларды түзету шарттары жайлы толығырақ ақпарат алу мүмкіндігі болған жағдайда оны қолданғысы келетіндігі жайында пікір білдірген.

Сауалнаманың соңында біз ата-аналардың мектептің білім беру процесінде білім алушылардағы психосоматикалық бұзылыстардың алдын алу және түзетудің амалы ретіндегі ұсыныстары жайлы білу мақсатында ерікті түрде жауап жазу мүмкіндігін бердік. Жасалған ұсыныстар төмендегідей болды (сауалнамаланушылардың орфографиясы және пунктуациясы сақталған):

- Мектеп психологы балалармен жеке және топтық жұмыс жасаса;
- Оқушылармен жеке, сынып жетекшісімен, мектеп психологы үнемі үздіксіз жұмыс жасау;
- Оқушылар бағаларын, денсаулық жағдайын және әлеуметтік жағдайын жариялау кезінде мұғалім тарапынан қорланады. Еуропалық мектептегі білім берудің жаңа тәсілі болуы керек;
- Балалар өз мәселелерімен ашық бөлісуі үшін психологпен бір сағат арнайы уақыт бөлінсе;
- Әр балаға жеткілікті көңіл бөлінуі үшін, мектептегі психологтардың санын арттыру керек;
- Мектеп психологы оқушылармен жекеше жұмыс жасаса, ойын форматы түрінде;
- Балаға уақытылы көңіл бөлу, психосоматикалық бұзылыстарды байқалған кезде немқұрайлы қарамай уақытылы шаралар қолдану;
- Оқушылар арасындағы жағымсыз әдеттерді жасырмай көрсету, үлгерімі жоғары балаларды іріктеу, білім беру, тәрбиелеу жұмыстарын адал үйлестіру керек;
- Соцпедагог жұмысын қарастыру керек.

Алынған жауаптарды саралай отырып, мектеп оқушыларындағы психосоматикалық бұзылыстардың алын алу және түзетудің психологиялық-педагогикалық шарттары ретінде ата-аналармен жұмыс жүргізудің келесідей формалары белгіленді (2 кесте):

2 кесте – Ата-аналармен жүргізілетін психологиялық-педагогикалық іс-шаралар кешені

Жұмыс формасы	Мақсаты	Өткізілу форматы/ орны
Ата-аналар жиналысы	Білім алушылардың ата-аналарына жалпы психосоматика, психосоматикалық бұзылыстар жайлы ақпарат беру.	Мектеп ғимараты.
Тренинг-ойын	Балалардағы психосоматикалық бұзылыстардың алын алу және түзету әдістерімен таныстыру.	Спорт залы. Презентациялар, бейнероликтер көрсету, буклет, кітапшалар тарату.

Кеңес беру	Ата-ана мен бала, мектеп және бала, бала және оның достары арасында туындайтын мәселелерге қатысты анонимді сұрақ қойып, оған жауап алу мүмкіндігі болатын тәжірибелі психологтардың қатсуымен онлайн деңгелек үстел отырысын өткізу.	Zoom платформасындағы онлайн конференция.
Мектеп психологымен әңгімелесу	Психосоматикалық бұзылыстар мәселесіне қатысты кез келген сұрақтарды психолог маманмен жекелей әңгімелесу барысында талқылау.	Мектеп ғимараты.
Ата-аналарға арналған «үй тапсырмасы»	«Ұйқы гигиенасы» [10, 5б.], тыныс алу техникалары, «5-4-3-2-1 көңіл аудару және тұйықталу техникасы» [11, 30б.], «Майндфулнесс» және т.б. техникалар бойынша үй тапсырмасын беріп, орындалуын қадағалау.	Әлеуметтік желілер, мессенджерлер.
Қорытынды сауалнама	Атқарылған жұмыстардың тиімділігін бағалау мақсатында, бастапқыда алынған сауалнаманы қайт толтыруды ұсынып, жауаптарды салыстыру.	Google формасындағы сауалнама.

Ерікті түрде экспериментке қатысуға ниет білдірген ата-аналармен жоғарыда көрсетілген жұмыс түрлері ұйымдастырылды. Бұл кезең 4 аптаға созылып, барысында жоспарланған шаралар іске асырылды. Ең алдымен ата-аналармен кездесу өткізіліп, барысында психосоматикалық бұзылыстар, олардың белгілері жайлы толықтай ақпарат берілді. Тренинг-ойын барысында мектепте және мектептен тыс туындайтын кикілжін, конфликт жағдайларында балаларға көмек беретін нақты техникалар көрсетіліп, тәжірибе жүзінде іске асырылды. Сонымен қатар ата-аналарға ашық немесе анонимді түрде сұрақтар қою мүмкіндігі жасалып, Zoom платформасындағы онлайн конференция барысында тәжірибелі психолог мамандар кеңес берді. Одан бөлек мектеп психологы «1 сағат әңгіме» тақырыбында ниет білдірген ата-аналармен жекелей кездесіп әңгімелесу форматында толғандыратын сұрақтарына жауап беріп, кеңес беру жұмыстарын жасады.

Ата-аналар жиналысы және тренинг-ойын барысында, қатысушыларға буклет, кітапшалар түрінде психосоматикалық бұзылыстарды түзету және алдын алу, стресс, мазасыздыққа қарсы техникалар берілді. Теориялық білімді тәжірибе жүзінде іске асыру үшін алғашқы аптадан бастап аталмыш техникаларды күнделікті өмірге еңгізу практикасы ұсынылды. Әдістемелердің түсініксіз тұстары бойынша сұрақ қою, кері байланыста болу үшін әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде арнайы топтар ашылып жұмыс жасады. 4 апта уақыт өткен соң ата-аналарға сауалнама формасы қайта жіберіліп, толтыру ұсынылды.

Зерттеу әдісі ретінде таңдалған педагогикалық эксперименттің анықтаушы және қорытынды кезеңдерінде жүргізілген сауалнама нәтижелерін салыстырмалы түрде талдау көрсеткендай, ата-аналардың психосоматикалық бұзылыстар мәселесіне қатысты хабардарлық деңгейлері айтарлықтай артқан. Себебі экспериментке дейін (ЭД) ата-аналардың 75%-ы психосоматика жайлы білемін деп жауап берсе, 21,4%-ы жауап беруге қиналамын деген, ал 3,6%-ы тіптен бұл ұғыммен таныс емес екендігін хабарлаған. Эксперименттен кейін (ЭК) ата-аналардың 100%-ы «психосоматика», «психосоматикалық бұзылыстар» ұғымдарымен таныс екендігін мәлімдеді. Бұдан ата-аналардың психосоматикалық бұзылыстар (ПБ) жайлы білімдерінің артқандығын байқауға болады.

Балаларында ПБ белгілерін байқау мәселесіне келсек, ЭД 46,4% ата-ана бұл симптомдарды баласынан байқағандығын, 32,1% жауап беруде қиналғандығын көрсеткен. ЭК респонденттердің 75%-ы өз балаларынан ПБ белгілерін саналы түрде бақылай алатын қабілетте болып, жауап беруде қиналған респонденттер мүлде болмаған. Бұл ата-аналардың психосоматикалық бұзылыстардың симптомдарын жақсырақ ажырата бастағанын көрсетеді.

Мектеп қабырғасында ПБ-дың алдын алу және түзету мүмкіндіктері туралы пікірлерге талдау жасағанда, ЭД 85,7% ата-ана бұл шараларды жүргізу әлеуетінің бар екендігімен келіссе, эксперименттен кейін барлық сауалнамаланушылар мектептің білім беру процесінде арнайы шаралар ұйымдастыру арқылы оқушыларда кездесетін ПБ-дың алдын алу және түзету мүмкін деген ойда болды. Демек, респонденттер мектептегі психологиялық-педагогикалық іс-шаралардың маңыздылығын түсінген.

ПБ-дың алдын алу үшін арнайы уақыт бөлу қажеттілігі туралы сұрақта ЭД 89,3% адам арнайы уақыт бөлу қажет деп есептесе, 10,7% тек бос уақыт болған жағдайды ғана қарастыруға болатындығын айтқан. ЭК сауалнамаланушылардың 100%-ы бұл мақсатта арнайы уақыт бөлудің маңызды екендігін растаған. Бұдан ата-аналардың жүйелі алдын алу және түзету жұмыстарының қажеттілігіне деген көзқарастарының өзгергендігін білдіреді.

Мектептегі ПБ-дың алдын алу және түзету шараларының балалар денсаулығына әсері жайлы пікірлерге тоқталсақ, эксперименттің бастапқы кезеңінде ата-аналардың 14,3%-на бұл сұраққа жауап беру қиындық тудырды деп жауап берсе, 75%-ы осы шаралардың оқушылардың физиологиялық және психикалық денсаулығына оң әсер ететіндігін айтқан. Қайта жүргізілген сауалнама нәтижесінде эксперимент қатысушылары толығымен бұл жұмыстардың позитивті ықпалын растаған.

Сондай-ақ, ата-аналардың ПБ-дың алдын алу және түзетудің практикалық әдістері жайлы ақпарат алуға деген қызығушылықтарының артқандығын байқай аламыз. Егер ЭД бұл әрекетке құлшыныс білдіргендер үлесі 92,9% болса, ЭК бұл көрсеткіш 100%-ға жетті.

Салыстырмалы талдау нәтижесінде эксперименттің қорытынды кезеңінде ПБ-дың пайда болу себептерін түсіну деңгейінің артқандығын де артқандығын байқауға болады. Алғашқы сауалнамада ата-аналардың көпшілігі себептерді толықтай атай алмаса, эксперимент соңында барлық қатысушылар бұл мәселенің кешенді сипатын түсініп, негізгі факторларды толыққанды атап көрсете алды. Сол сияқты, экспериментке қатысушы ата-аналардың ПБ-дың көрініс беру белгілерін анықтай алу қабілеттері де жақсарған. Бұны ЭД респонденттердің тек 2-3 симптомды ғана тағдап, ЭК барлық ықтимал белгілерді көрсете алғандарынан бақылай аламыз.

«Мектепте ПБ-дың алын алу және түзету шаралары кім арқылы жүзеге асырылуы тиіс?» деген сұраққа берілген жауаптардан ата-ананың осы мәселені шешуде өзінің және білім беру үрдісіне қатысушы барлық жақтардың рөлдерінің маңыздылығын сезінгендігі жайлы қорытынды жасауға болады. Себебі, ЭД ата-аналардың басым бөлігі бұл жауапкершілікті мектеп психологы мен сынып жетекшісіне ғана тиесілі деген ойда болса, ЭК осы ретте ата-ана-бала-мектеп ұжымының ұйымдасқан, кешенді әрі жүйелі жұмыс істеуі маңызды екендігін түсіне білген.

Қорытынды. Біздің ойымызша, баладағы психосоматикалық бұзылыстар мәселесін алдын алуда ата-ананың шешуші рөл атқаратын фигура болуы төмендегі себептерге байланысты:

1. Баланың эмоционалды тұрақтылығы көбінесе отбасындағы атмосфераға байланысты. Егер ата-аналар қолдау көрсетсе, қамқорлық таныта білсе және баланың эмоционалды қажеттіліктерін түсінсе, психосоматикалық бұзылыстардың өршу қаупі айтарлықтай төмендейді. Керісінше, отбасылық конфликттер, дұрыс көңіл бөлмеу немесе шамадан тыс талап қою стрессті тудырып, бала жағдайын ушықтыра түсуі мүмкін.

2. Балалар ата-аналардың мінез-құлық үлгілерін кайталағандықтан, ата-аналар мінез-құлық стратегияларын және стресске төзе білу қабілетін қалыптастырушылар болып табылады. Егер ересектер стрессті сындарлы түрде жеңе, онда бала ішкі сезімдерін өз бетінше реттеп үйренеді.

3. Ата-аналар күн тәртібін және салауатты өмір салтын ұйымдастыруға қатысады. Ұйқы гигиенасы, дұрыс тамақтану, физикалық белсенділік және күнделікті режим психосоматикалық денсаулыққа әсер ететін маңызды факторлар болып табылады. Ата-аналар баланың физикалық және психологиялық әл-ауқатына жағдай жасау арқылы оның өмірінің осы аспектілерін бақылайды.

4. Психосоматика және психосоматикалық бұзылыстар жайлы жеткілікті түрде ақпараттандырылған болса ата-аналар:

- алғашқы белгілерді байқаған сәттен бастап уақытылы мамандарға (психологтарға, дәрігерлерге, педагогтарға) жүгіну;

- эмоционалды қолдау, оқу және әлеуметтік жүктемелерді азайту, отбасында сенімді атмосфера құру сияқты алдын алу әдістерін қолдану;

- психикалық денсаулық бойынша мектеп бағдарламаларын қолдау, білім беру тренингтеріне қатыса отырып, мектеппен ынтымақтасқан байланыс орнату арқылы бұл мәселенің алдын алу және түзетуге елеулі үлес қоса алады.

Қорытындылай келе, ата-аналар – балалардың психосоматикалық денсаулығын сақтаушы басты тұлғалар. Олардың осы процеске саналы түрде қатысуы, зейін, белсенділіктері мен жаңа ақпаратты үйренуге дайындығы балаға стрессті жеңуге, салауатты әдеттерді қалыптастыруға және психосоматикалық бұзылыстарды тудыратын сыртқы факторларға төзімділікті дамытуға көмектеседі.

Аталмыш зерттеу барысында мектеп оқушыларындағы психосоматикалық бұзылыстардың алдын алу және түзетуде ата-аналармен ынтымақтастық орнатудың маңыздылығы негізделген. Арнайы жасалған сауалнама арқылы ата-аналардың оқушылардағы психосоматикалық бұзылыстар мәселесіне қатысты хабардарлық деңгейлері анықталып, олардың осы бағыттағы құзыреттіліктерін арттыруға бағытталған психологиялық-педагогикалық іс-шаралар кешені әзірленіп, сынақтан өткізілді. Жүргізілген эксперименттің анықтаушы және бақылау кезеңдеріндегі нәтижелердің салыстырмалы анализі таңдалаған шаралардың тиімділігін растаған болатын. Осы себепті біз зерттеудің міндеттерін орындау арқылы, қойылған мақсатқа қол жеткіздік деген қорытындыға келе аламыз. Дегенмен, бұл бағыттағы іргелі, қолданбалы зерттеу жұмыстарының жеткіліксіз болуына байланысты, әсіресе отандық ғылымда, аталмыш мәселені назарда ұстап, зерттеулерді тереңдету ерекше өзектілікке ие деген пікірдеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 Luthans F., Broad J.D. **Positive psychological capital to help combat the mental health fallout from the pandemic and VUCA environment** [Text] / F.Luthans, J.D. Broad // *Organizational Dynamics*. Elsevier Inc. April–June 2022. <https://doi.org/10.1016/j.orgdyn.2020.100817>.

2 «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы [Электрондық ресурсы]: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1800000636> (жүгінген уақыты 19.12.2024).

3 Ракишева Г.М., Сабитова Д.С., Жантемирова М.Б. **Кибербуллинг в школьной среде: социально-психологический аспект** [Текст] / Г.М. Ракишева, Д.С. Сабитова, М.Б. Жантемирова // *Вестник Карагандинского университета*. Серия «Педагогика», 3(111) 2023. С.124-132. <https://doi.org/10.31489/2023Ped3/124-132>.

4 Мещеряков Б. **Большой психологический словарь** [Текст] / Б.Мещеряков, В.Зинченко. – СПб.: Прайм-Еврознак, 2004. – 672 с.

5 Ооржак А.Ю., Юртаева Ю.О. **Особенности психосоматических расстройств в подростковом возрасте** [Текст] / А.Ю. Ооржак, Ю.О. Юртаева // *Молодой ученый*. – 2019. – № 47 (285). – С. 462-464.

6 Cox M.J., Harter K.S.M. **Parent-child relationships** [Text] / Cox M.J., Harter K.S.M. // *Well-being: Positive development across the life course*. Lawrence Erlbaum Associates Publishers, 2003. – 191–204 pp. <https://doi.org/10.4324/9781410607171>.

7 Dykstra V.W., Willoughby T., Evans A.D. **A longitudinal examination of the relation between lie-telling, secrecy, parent–child relationship quality, and depressive symptoms in late-childhood and adolescence** [Text] / V.W.Dykstra, T.Willoughby, A.D. Evans // *Journal of Youth and Adolescence*, 49 (2) (2020), pp. 438-448. <https://doi.org/10.1007/s10964-019-01183-z>.

8 Darling N., Stainberg L. **Parenting Style as Context: An Integrative Model** [Text] / N. Darling, L. Stainberg // *Interpersonal Development, Psychological Bulletin*, 113(3), 487–496. 2017. <https://doi.org/10.1037/0033-2909.113.3.487>.

- 9 **Работа с родителями в школе: учимся сотрудничеству.** [Электронный ресурс]: <https://edu.mcfr.kz/article/2337-rabota-s-roditelyami-v-shkole-uchimsya-sotrudnichestvu> (дата обращения: 04.01.2025).
- 10 **Бузунов Р. Советы по здоровому сну.** [Электронный ресурс] Москва, 2012 – 28 с. <https://rossleep.ru/wp-content/uploads/2013/01/Tips-for-healthy-sleep-20121.pdf> (дата обращения: 04.01.2025).
- 11 **Ермолаева А.В. Рабочая тетрадь консультанта детского телефона доверия: основные алгоритмы работы** [Текст] / А.В. Ермолаева, Информационно-методический сборник. Фонд поддержки детей находящихся в трудной жизненной ситуации. – АО «Первая Образцовая типография», Москва, 2022 – 52 с.

REFERENCES:

- 1 **Luthans F., Broad J.D. Positive psychological capital to help combat the mental health fallout from the pandemic and VUCA environment.** *Organizational Dynamics*, Elsevier Inc. April–June 2022. <https://doi.org/10.1016/j.orgdyn.2020.100817>.
- 2 **Kazakstan Respublikasynyn 2025 zhylga deyingi Ul'tytk damu zhosparyn bekitu zhane Kazakstan Respublikasy Prezidentinin keibir zharlyktarynyn kushi zhojyldy dep tanu turaly** "Kazakstan Respublikasy Prezidentinin Zharlygy [Decree of the president of the Republic of Kazakhstan "On approval of the National Development Plan of the Republic of Kazakhstan until 2029 and invalidation of certain decrees of the President of the Republic of Kazakhstan"]. Available at: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1800000636> (accessed 19 December 2024). (In Kazakh).
- 3 **Rakishva G.M., Sabitova D.S., Zhanemirova M.B. Kiberbullying v shkol'noj srede: social'no-psihologicheskij aspekt** [Cyberbullying in the school environment: a socio-psychological aspect]. *Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya «Pedagogika»*, 2023, 3(111), pp. 124–132. (In Russian) <https://doi.org/10.31489/2023Ped3/124-132>.
- 4 **Meshcheryakov B. Bol'shoj psihologicheskij slovar'** [A large psychological dictionary]. Saint Petersburg, Prajm-Evroznak, 2004, 672 p. (In Russian).
- 5 **Oorzhak A.Y., Yurtaeva Y.O. Osobennosti psihosomaticheskikh rasstrojstv v podrostkovom vozraste** [Features of psychosomatic disorders in adolescence]. *Molodoy uchenyj*, 2019, 47 (285), pp. 462–464. (In Russian).
- 6 **Cox M.J., Harter K.S.M. Parent-child relationships.** Well-being: Positive development across the life course, Lawrence Erlbaum Associates Publishers, 2003. pp. 191–204 <https://doi.org/10.4324/9781410607171>
- 7 **Dykstra V.W., Willoughby T., Evans A.D. A longitudinal examination of the relation between lie-telling, secrecy, parent-child relationship quality, and depressive symptoms in late-childhood and adolescence.** *Journal of Youth and Adolescence*, 2020, 49 (2) pp. 438–448. <https://doi.org/10.1007/s10964-019-01183-z>.
- 8 **Darling N., Stainberg L. Parenting Style as Context: An Integrative.** *Interpersonal Development, Psychological Bulletin*, 2017, 113(3), pp. 487–496. <https://doi.org/10.1037/0033-2909.113.3.487>.
- 9 **Rabota s roditelyami v shkole: uchimsya sotrudnichestvu** [Working with parents at school: learning how to cooperate]. Available at: <https://edu.mcfr.kz/article/2337-rabota-s-roditelyami-v-shkole-uchimsya-sotrudnichestvu> (accessed 04 January 2025). (In Russian).
- 10 **Buzunov R. Sovety' po zdrovomu snu** [Tips for healthy sleep]. Moscow, 2012, 28 p., available at: <https://rossleep.ru/wp-content/uploads/2013/01/Tips-for-healthy-sleep-20121.pdf> (accessed 10 February 2025). (In Russian).
- 11 **Ermolaeva A.V. Rabochaya tetrad' konsul'tanta detskogo telefona doveriya: osnovny'e algoritmy' raboty** [The workbook of the consultant of the children's helpline: basic work algorithms]. Informacionno-metodicheskij sbornik. Fond podderzhki detej nahodyashchihся v trudnoj zhiznenoj situacii. АО «Pervaya Obrazcovaya tipografiya», Moscow, 2022. 52 p. (In Russian).

Авторлар туралы мәліметтер:

Аутаева Іңкәр* – педагогика ғылымдарының магистрі, PhD докторант, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан Республикасы, 100028, Қарағанды қ., Университетская көш., 28, тел.: +7-708-907-59-75, e-mail: i19021930@gmail.com, ORCID <https://orcid.org/0009-0000-8846-8713>.

Карманова Жанат Алпысовна – педагогика ғылымдарының докторы, мектепке дейінгі және психологиялық-педагогикалық даярлық кафедрасының профессоры, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан Республикасы, 100028, Қарағанды қ., Университетская көш., 28, тел.: +7-700-302-63-27, e-mail: karmanovazh@mail.ru, ORCID <https://orcid.org/0000-0001-5077-8345>.

Мукушева Салтанат Булатовна – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор ассистенті, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан Республикасы, 100028, Қарағанды қ., Университетская көш., 28, тел.: +7-771-312-73-68, e-mail: mukusheva8sb@gmail.com, ORCID <https://orcid.org/0000-0003-2757-5739>.

Алшынбаева Жұлдыз Елдосовна – PhD, мектепке дейінгі және психологиялық-педагогикалық даярлық кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан Республикасы, 100028, Қарағанды қ., Университетская көш., 28, тел.: +7-701-648-78-09, e-mail: zhuldyz_eldosovna@mail.ru, ORCID <https://orcid.org/0000-0002-1760-843X>.

Аутаева Іңкәр* – магистр педагогических наук, PhD докторант, Карагандинский университет им. академика Е.А. Букетова, Республика Казахстан, 100028, г. Караганда, ул. Университетская, 28, тел.: +7-708-907-59-75, e-mail: i19021930@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-8846-8713>.

Карманова Жанат Алпысовна – доктор педагогических наук, профессор, профессор кафедры дошкольной и психолого-педагогической подготовки, Карагандинский университет им. академика Е.А. Букетова, Республика Казахстан, 100028, г. Караганда, ул. Университетская, 28, тел.: +7-700-302-63-27, e-mail: karmanovazh@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5077-8345>.

Мукушева Салтанат Булатовна – кандидат педагогических наук, ассистент профессора кафедры дошкольной и психолого-педагогической подготовки, Карагандинский университет им. академика Е.А.

Букетова, Республика Казахстан, 100028, г. Караганда, ул. Университетская, 28, тел.: +7-771-312-73-68, e-mail: mukusheva8sb@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2757-5739>.

Алшынбаева Жулдыз Елдосовна – PhD, ассоциированный профессор кафедры дошкольной и психолого-педагогической подготовки, Карагандинский университет им. академика Е.А. Букетова, Республика Казахстан, 100028, г. Караганда, ул. Университетская, 28, тел.: +7-701-648-78-09, e-mail: zhuldyz_eldosovna@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1760-843X>.

Autayeva Inkar* – Master of Pedagogical Sciences, PhD student, Karaganda Buketov University, Republic of Kazakhstan, 100028, Karaganda, 28 Universitetskaya Str., tel.: +7-708-907-59-75, e-mail: i19021930@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0000-8846-8713>.

Karmanova Zhanat Alypssovna – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor of the Department of preschool and psychological-pedagogical training, Karaganda Buketov University, Republic of Kazakhstan, 100028, Karaganda, 28 Universitetskaya Str., tel.: +7-700-302-63-27, e-mail: karmanovazh@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-5077-8345>.

Mukusheva Saltanat Bulatovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Assistant to the Professor of the Department of preschool and psychological-pedagogical training, Karaganda Buketov University, Republic of Kazakhstan, 100028, Karaganda, 28 Universitetskaya Str., tel.: +7-771-312-73-68, e-mail: mukusheva8sb@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-2757-5739>.

Alshynbayeva Zhuldyz Yeldosovna – PhD, Associate Professor of the Department of preschool and psychological-pedagogical training, Karaganda Buketov University, Republic of Kazakhstan, 100028, Karaganda, 28 Universitetskaya Str., tel.: +7-701-648-78-09, e-mail: zhuldyz_eldosovna@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-1760-843X>.

XFTAP 14.35.09

ӨОЖ 78(07508)

https://doi.org/10.52269/22266070_2025_1_281

ПЕДАГОГ-МУЗЫКАНТТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНИКАСЫНЫҢ ВЕРБАЛЬДЫҚ ЖӘНЕ ВЕРБАЛЬДЫҚ ЕМЕС ҚҰРАЛДАРЫ

Ахметова А.Қ. – педагогика ғылымдарының кандидаты, Музыка, кәсіптік оқыту және дизайн кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Орталық Азия Инновациялық университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы.

Нарикбаева Л.М. – педагогика ғылымдарының докторы, Музыкалық білім және хореография кафедрасының профессоры, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Жақаева С.Ә.* – педагогика ғылымдарының кандидаты, Өнер кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

Айсина С.Т. – педагогика магистрі, Өнер кафедрасының аға оқытушысы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

Мақалада педагог-музыканттың педагогикалық техникасының бір компоненті – вербальдық және вербальдық емес құралдарын жоғары оқу орындарының оқу үрдісінде аса мән бере қарастыру көзделген. Осы тұста «педагогикалық техника», «вербальдық және вербальдық емес» деген ұғымдар төңірегінде білім алушылар деңгейлері тексерілді. Бұл проблеманы білім алушылардың тыңғылықты меңгермегенін анықтай отырып, ғылыми зерттеулерді талдай отырып, теориялық мағлұматтар беру көзделді. Яғни білім алушыларға қарастырылып отырған проблема бойынша теориялық білім беру мақсатында қысқаша вербальдық (сөйлеу) және вербальдық емес (мимика, жестикация, пантомимика, дауыстар сапалары, интонация, тембр, сөйлеу қарқыны, паузалар) сияқты қарым-қатынас құралдары жайлы мағлұматтар берілді. Содан соң студенттерге сапалы білім беру мақсатында қарастырылған материалдар негізінде семинар ұйымдастырылып, көзделген мәселе бойынша талқылау жүргізілді. Талқылау кезінде баяндамалар дайындап, оқыған студенттердің жіберген кемшіліктері анықталды. Тыңдап отырған білім алушылар өз тараптарынан ойларын анық және тереңірек жеткізе отырып, толықтырды. Зерттеу барысында студенттермен бақылау, сұрақтар қою, сұхбат, ауызша талдау сияқты әдістер қолданылды. Бұл зерттеу жұмысында болашақ музыка мұғалімдері вербальдық және вербальдық емес құралдарды пайдаланудың әдістері мен тәсілдері негізінде өзіндік зерттеу нәтижелерін ұсынылды.

Түйінді сөздер: пластика, жест, мимика, вербальдық, вербальдық емес, педагогикалық техника.

ВЕРБАЛЬНЫЕ И НЕВЕРБАЛЬНЫЕ СРЕДСТВА ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ТЕХНИКИ ПЕДАГОГА-МУЗЫКАНТА

Ахметова А.К. – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры Музыка, профобучение и дизайн, Центрально-Азиатский Инновационный университет, г. Шымкент, Республика Казахстан.

Нарикбаева Л.М. – доктор педагогических наук, профессор кафедры Музыкальное образование и хореография, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан.

Жақаева С.А.* – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры искусств, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

Айсина С.Т. – магистр педагогики, старший преподаватель кафедры искусств, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.